

«Бекітемін»

№ 136 жалпы орта
білім беретін мектеп директоры
Л.Н. Мырзахметова

«18» 2025 ж.



**2024-2025 оқу жылындағы кітапхананың
«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында
атқарылған іс- шаралардың жылдық есебі**

Шымкент 2024-2025 оқу жылы

«Кітаптар айналымы» (акция)

«Балалар кітапханасы бағдарламасы» негізінде мектеп оқушылары «Кітаптар айналымы» акциясы аясында кітапханадан кітап алып оқыды.

Оқушылар өздерінің сүйіп оқыған кітаптарын басқа да оқырмандармен бөлісіп, оларға да түрлі жанрдағы кітаптарды оқуға мүмкіндік берді.

Кітапты алған оқырман кітапты оқып кері қайтарып келесі оқырманның оқуына жол ашты.



Абай-дана, Абай-дара (кітап көрмесі)

Қазақтың ұлы ақыны ағартушы-философ Абай Құнанбаевтың туылғанына 180 жыл толуына орай Абай-дана, Абай-дара тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылық мұрасын кеңінен насихаттау.



<https://www.facebook.com/share/v/19Wa4ZKz7x/?mibextid=UyTHkb>

«Қарттарым – асыл қазынам» (кітап көрмесі)

Қарттар күніне орай «Қарттарым – асыл қазынам» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Бабалар даналығын араға талай ғасырлар салып, бүгінгі ұрпаққа бояуын солғындатпай жеткізетін қарттарымыз аман болып, сол асылдарымыздың қадір-қасиетін түсініп, болашақ жастарымыздың санасына сіңіру.

«Ұстаз – ұлы тұлға» (кітап көрмесі)

Мектеп кітапханасының оқу залында ұстаздар мерекесі қарсаңында «Ұстаз – ұлы тұлға» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге қазақтың зиялылары, көрнекті ағартушы-педагогы Ы.Алтынсарин, ақын, ағартушы, А.Құнанбаев, балалар әдебиетінің өкілі Ә.Табылдиев, көрнекті жазушы, ақын М.Жұмабаевтар туралы кітаптар ұсынылды.

Мақсаты: Оқушыларды ұстаздардың тәрбиесі мен еңбегін дәріптеуге, ұстаздарды құрметтеу мен сыйлауға тәрбиелеу.

«Сәкен Сейфуллин – аққан жұлдыз» (кітап көрмесі)

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ақын, жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының негізін қалаушы Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толуына орай «Сәкен Сейфуллин –

акқан жұлдыз» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде Сәкен Сейфуллиннің шығармалары оқырмандар назарына ұсынылды.

Мақсаты: Оқушыларды Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармаларын оқып білуге баулу, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу.

«Кітап қалай пайда болды?» (кітапханалық сабақ)

Мектеп кітапханасында 4 сынып оқушыларының қатысуымен «Кітап қалай пайда болды» атты кітапханалық сабақ өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, оқушыларды кітап пен сазды әуен арқылы мейірімділікке, ізгілікке тәрбиелеу, қоғамымыздың ертеңі болар ұрпақ тәрбиесінде ата – ана мен балалардың сенімді серігі кітап оқуға баулу. Оқушылар «Кітап қалай пайда болды» тақырыбындағы видео роликті көріп, өз ойларымен бөлісті



<https://www.facebook.com/share/p/15LGaHueTK/?mibextid=UyTHkb>

«Ұлттық валюта теңге» (кітап көрмесі)

ҚР ұлттық валюта күніне орай «Ұлттық валюта теңге»: тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Ұлттық валюта-теңгенің маңыздылығы туралы ақпарат беру.

"Өзіңе сен" (тренинг)

"Біртұтас тәрбие" барысында "Ұшқыр ой алаңы" жобасы аясында кітапхана меңгерушісі Медетбек Замзагүл және "Өзін-өзі басқару" ұйымының мүшелерімен, "Өзіңе сен" психологиялық тренингі өткізілді. Аталған тренингті "Жақсылыққа ұмтылу орталығының" жетекшісі, "Тұлғалық даму" тренері Айтолқын Таңсыққызы арнайы шақыртумен келіп өткізді.

Мақсаты: Оқушылардың өзіне деген сенімділігін арттырып, жас буындарды рухани азықтандырып, өмірге және жарқын болашаққа нық сенімділік беруге үйрету.



<https://www.facebook.com/share/p/14daFfCj8e/?mibextid=UyTHkb>

«Елім деп елжіреген жүрегі» (кітап көрмесі)

Мектеп кітапханасында «Елім деп елжіреген жүрегі» атты ақын, жазушы, драматург, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Б.Майлиннің 130 жылдық мерейтойына арналған «кітап көрмесі» ұйымдастырылып, шолу жүргізілді.

Мақсаты: жазушының өмірі мен шығармашылығын, әдеби қызметін таныстыру.

«Тәуелсіздік – ел бақыты»

(кітап көрмесі)

«Біртұтас тәрбие» жобасы аясында №136 жалпы орта білім беретін мектеп кітапханасы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік – ел бақыты» тақырыбында кітап көрмесін ұйымдастырды.

Мақсаты: Оқушылардың бойында Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып, өз еліміздің даму тарихы туралы танымдарын калыптастыру. Ұлттық сана сезімін ояту. Тәуелсіздік күні туралы терең мағлұмат беру. Оқырманға Тәуелсіздік туралы кітаптармен таныстыру, өз елін, жерін қорғайтын ұрпақ тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/15LGaHueTK/?mibextid=UyTHkb>

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында қазақтың көрнекті жазушысы, қазақ әдебиетін калыптастырушылардың бірі Б.Майлиннің туылғанына 130 жыл толуына орай “Б.Майлин -қазақ әдебиетінің қас шебері” атты әдеби танымдық кеш өтті.

Мақсаты: Қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғасы Бейімбет Майлиннің өмірі мен шығармашылығымен тереңірек таныстыру.



<https://www.facebook.com/share/p/1AAXYgW9FM/?mibextid=UyTHkb>

«Білім кілті кітапхана»

(кейіпкерлер конкурсы)

«Балалар кітапханасы» жобасы, Біртұтас тәрбие» негізінде 4- сыныптар арасында «Білім кілті-кітапхана» кейіпкерлер конкурсы ұйымдастырылды.

Мақсаты: оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, кітап оқу арқылы сөздік қорын, ой-өрісінің дамуын, кітап оқуға қызығушылығын арттыру.

Іс-шара барысында оқушылар сүйікті кітап кейіпкерлерін сомдап қызықты көрініс көрсетіп, сұрақ-жауап айдары, мақалды жалғастыр және оқушылардың шапшаңдығын шыңдайтын ойындар ойнатылды.



<https://www.facebook.com/share/p/14fMAd4y49/?mibextid=UyTHkb>

Ұлы даланың даңқты ұлы»

(кітап көрмесі)

Мектеп кітапханасында белгілі қазақ жазушысы, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ілияс Есенберлиннің 110 жылдығына арналған «Ұлы даланың даңқты ұлы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты : І. Есенберлиннің шығармашылық мұрасын дәріптеу, жазушының қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесін оқырмандарға таныстыру.

**«Ауғанның отты жалыны»
(кітап көрмесі)**

Мектеп кітапханасында «Ауғанның отты жалыны» атты кітап көрмесі өткізілді.

Мақсаты: Жастарды отансүйгіштікке, ерлікке тәрбиелеу. Ауған соғысы ардагерлеріне құрмет көрсету және олардың ерлігін ұрпақ жадында қалдыру.

**«Әдебиет зерттеушісі»
(кітап көрмесі)**

Мектеп кітапханасында тарихшы, жазушы, филология ғылымдарының докторы, Қазақстанның халық жазушысы Мұхтар Мағауиннің туғанына 85 жыл толуына орай «Әдебиет зерттеушісі» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: қазақ халқының дара тұлғасы ұлы жазушының шығармашылығымен таныстыру, рухани мұраны сақтау, отандық әдебиетке оқырманның қызығушылығын арттыру.

**“Шын жүректен кітап сыйла”
(челлендж)**

«№136 жалпы орта білім беретін мектебінде 2025 жылдың 03-14 ақпан аралығында

■ 14 ақпан Халықаралық кітап сыйлау күніне орай "Кітапханаға кітап сыйла" челленджі ұйымдастырылды. Мұғалімдер, оқушылар, мектеп парламенті, өзін-өзі басқару кеңесінің көшбасшылары шын жүректен мектеп кітапханасына кітаптар сыйлады.

■ Мақсаты: мектеп кітапханасы қорын заманауи басылымдармен толықтыру. Мектеп, ата-ана, оқушымен бірлесе отырып, оқушыларды рухани адамгершілікке баулу.

<https://www.facebook.com/share/p/1BSG9cC55J/?mibextid=UyTHkb>

<https://www.facebook.com/share/v/15y6taz5gQ/?mibextid=UyTHkb>

<https://www.facebook.com/share/v/12KXun3ugA5/?mibextid=UyTHkb>



8 Наурыз - Халықаралық әйелдер күніне орай мектеп кітапханасында "Сыйынар ем, ана деген тәңірге" тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: 8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесін атап өту. Анаға деген мейірімді, сүйіспеншілікті арттыру, үлкенге ізет, кішіге үлгі бола білуге үйрету. Оқушы бойында ізгілік, инабаттылық, биязылық сияқты қазақ қызына тән жақсы қасиеттерді қалыптастыруға тәрбиелеу.



«Біз таңдаған кітаптар» (дөңгелек үстел)

№136 жалпы орта білім беретін мектебінде 2 сәуір «Халықаралық -балалар кітабы» күніне орай «Біз таңдаған кітаптар» тақырыбында 3 сынып оқушыларының қатысуымен дөңгелек үстел өтті.

Мақсаты: Оқушылардың кітап оқуға деген құштарлығын арттыру; әр адамның өміріндегі кітап пен оқудың маңыздылығы туралы қорытынды жасау; кітапқа, білімге деген құрметке тәрбиелеу; оқуға, өзін-өзі дамытуға, өз бетінше білім алуға ынталандыру.



<https://www.facebook.com/share/v/1E4szzH2B5/?mibextid=UyTHkb>

“ Жау тылындағы бала” (талдау)

23 Сәуір халықаралық кітап күніне орай 7-сынып оқушыларының қатысуымен Қасым Қайсеновтың " Жау тылындағы бала" повесін талдау жасалынды.

Мақсаты: Өз отанын,елін,туған жерін сүйу, Отанын, туған елін қорғай білуге тәрбиелеу.Отан соғысында ерлік көрсеткен ата- бабаларымыздың ерлік істерін қастерлеп, рухын көтеру, үлгі өнеге көрсету.



<https://www.facebook.com/share/v/12GznTGbF5B/?mibextid=UyTHkb>

“Қазақстанның бірлігі халықтар достығында” (кітап көрмесі)

Мектеп кітапханасында 1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесі қарсаңында “Қазақстанның бірлігі халықтар достығында” кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Қазақстан Республикасының халықтар достығы еліміздің бірлігінің кепілдігі екендігін таныту.



1Y6AyJiWCK/?mibextid=UyTHkb

«Ұлы жеңіске мың тағзым» (кітап көрмесі)

9-мамыр жеңіс күніне арналып ата-бабаларымыздың ерен ерліктерін мәңгі есте сақтап, рухани тағзым қылу мақсатында мектеп кітапханасында «Ұлы жеңіске мың тағзым» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.



1Y6AyJiWCK/?mibextid=UyTHkb

«Елтаңбам-елдігім, байрағым-мақтанышым, әнұраным-айбыным» (кітап көрмесі)

Мектеп кітапханасында «Елтаңбам-елдігім, байрағым-мақтанышым, әнұраным-айбыным» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушыларды тәуелсіз еліміздің рәміздерін жетік білуге, әрі құрметтеуге тәрбиелеу.



1Y6AyJiWCK/?mibextid=UyTHkb

Кітапхана меңгерушісі:

Медетбек З.Қ.